



Қор Туралы

Тұрақты даму және
esg саласындағы
стратегиялық тәсіл

● **Қордың елдің әл-
ауқатына қосқан үлесі**

Біз қалай жұмыс
істейміз

Біздің адамдар

Таза қоршаған ортаға
инвестиция саламыз

Корпоративтік
басқару

Қосымшалар

Біз қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсартуға ИНВЕСТИЦИЯ саламыз

GRI 3-3 Біз Қазақстанның әлеуметтік дамуына үлес қосудамыз, сондай-ақ жүздеген мың
GRI 203-2 қазақстандықты қамтитын әлеуметтік маңызы бар жобалар мен бағдарламаларды іске асыра отырып, өмір сүру сапасын арттыруға жәрдемдесеміз.

Біз күш-жігеріміз бен ресурстарымызды әлеуметтік инфрақұрылымды, білім беруді, денсаулық сақтау мен мәдениетті дамытуға, сондай-ақ инклюзивті қоғамды дамытуға бағыттаймыз.



Біздің әлеуметтік және қайырымдылық жобаларымыздың негізгі бағыттары:



Өңірлерді дамыту



Спорт және мәдениет



Денсаулық сақтау



Инклюзияны дамыту



Білім



Төтенше жағдайлар кезінде көмек
(су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге көмек көрсету)

2024 жылы Қор денсаулық сақтау және әлеуметтік даму, денсаулық сақтау жүйесін нығайту бойынша бірқатар маңызды бастамаларды инвестиция жасады.

2024 жылдың соңында Астанада фтизиопульмонология мен жұқпалы аурулар профилін біріктіретін еліміздегі алғашқы жұқпалы аурулар ұлттық ғылыми орталығы ашылды. Орталық жұқтырған науқастарды оқшаулаудың инновациялық әдістерін, соның ішінде қысым градиентін басқаратын мамандандырылған жартылай қорапты палаталарды қолданады - бұл әдіс жетекші шетелдік жұқпалы аурулар ауруханаларында өзін дәлелдеген. Орталық 350 төсекке есептелген.

Орталықтың маңызды бөлігі ғылыми, эксперименттік және қолданбалы жұмыстар жүргізілетін ғылыми-зерттеу кешені болды. GLP (ағылшынша Good Laboratory Practice – Тиісті зертханалық практика) стандарттарына сәйкес келетін қазіргі заманғы зертхана алғашқы екі фазада жаңа дәрілік және биологиялық препараттарға клиникалық сынақ жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, 2024 жылы Астанада Ұлттық шұғыл медицина үйлестіру орталығының (ҰШМҰО) жұмысын бастады. 250 төсекке есептелген орталық 29 бейін бойынша 8 клиникалық орталықты тәулік бойы стационармен және консультациялық-диагностикалық орталықпен, шұғыл медицина бойынша ғылыми-зерттеу орталығын, медициналық университетке арналған оқу-клиникалық компонентті, сондай-ақ ахуалдық-талдау орталығын біріктіреді.

ҰШМҰО базасында санитариялық авиацияны қолдана отырып, шұғыл медициналық көмек көрсету мерзімдерін қысқарту, сондай-ақ жүктілік патологиясы, ағзалар мен тіндерді ауыстырып салу кезінде өлім-жітімді азайту бойынша іс-шаралар жүргізілетін болады.

2024 жылы біз портфельдік компаниялардың қызметі жүзеге асырылатын өңірлерге қолдау көрсетуді жалғастырдық - бұл Қазақстанның барлық дерлік аумағы. Біздің назарымыз дәстүрлі түрде әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға бағытталды. Біз білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, тұрғын үй жағдайын жақсарту салаларындағы жобаларды, сондай-ақ экологиялық және волонтерлік бастамаларды іске асырдық.

45

млрд теңге бағытталды

Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салаларындағы
жобаларды іске асыруға



Қор Туралы

Тұрақты даму және
esg саласындағы
стратегиялық тәсіл

● **Қордың елдің әл-
ауқатына қосқан үлесі**

Біз қалай жұмыс
істейміз

Біздің адамдар

Таза қоршаған ортаға
инвестиция саламыз

Корпоративтік
басқару


Қосымшалар

Біз балалар мен спорт алаңдарын саламыз, таза ауыз суға қолжетімділікті қамтамасыз етеміз, аумақтарды абаттандыруды жүргіземіз, білім беру мекемелері мен спорт кешендерінің құрылысын қолдаймыз. Аз қамтылған отбасылардың балаларына білім беруге ерекше көңіл бөлінеді, атап айтқанда, беделді мектептерде оқуға гранттар беріледі.

«Қазақтелеком» АҚ телекоммуникациялық компаниясы білім беру процесіне технологияларды енгізеді. 2024 жылы «AQYLDY MEKTEP» пилоттық жобасы жүзеге асырылды, оның мақсаты Қазақстанның аз қамтылған және шалғай аймақтарындағы балалардың сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Жоба оқыту жағдайларын жақсартуға және білім беру процесінің барлық қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал ететін SMART-шешімдерді енгізуге бағытталған. Жоба үш білім беру мекемесінің базасында – Қонаев қаласында, Алматы облысының Арна ауылында және Атырау қаласында іске асырылды. Мектептердің әрқайсысында трафикті сүзгілеу мүмкіндігі бар өткізу қабілеті 500 Мбит/с интернет-арнаны қосу, Wi-Fi жабыны бар жергілікті желіні ұйымдастыру, сондай-ақ бейне талдаудың ЖИ-платформасына интеграцияланған бейнекамераларды орнату және қосу сияқты ауқымды жұмыстар жүргізілді. Жедел басқару орталығына шығатын дабыл түймелері қосымша орнатылды.

Samruk Kazyna Trust бірыңғай операторы арқылы қайырымдылық жобалары

Қайырымдылық көмек көрсетуді жүйелеу мақсатында Қор тобы «Samruk-Kazyna Trust» қайырымдылықтың бірыңғай операторы құрды²⁹. Жыл сайын «Samruk-Kazyna Trust» арқылы жарты миллионнан астам адамға қолдау көрсетіледі. Біз портфельдік компаниялармен, халықпен, жұртшылықпен және жергілікті атқарушы билікпен серіктестікте жобаларды мемлекеттің ресурстары жеткіліксіз бағыттарда іске асырудамыз. Біздің қайырымдылық қызметіміз заңдылық, тең құқықтылық, еріктілік және жариялылық қағидаттарына негізделеді. «Samruk-Kazyna Trust» есеп беру кезеңінде денсаулық сақтау, білім беру, спорт, инклюзияны дамыту, креативті индустрия салаларында жалпы сомасы 36,7 млрд теңге болатын жобаларға қолдау көрсетілді, сондай-ақ су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсетілді. Қайырымдылық жобаларының тікелей бенефициарларының жалпы саны 700 мыңға жуық адамды құрады.



²⁹ 2016 жылдан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобынан «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры халық үшін әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге бағытталған қайырымдылық жобалары мен бағдарламаларын іске асыруда.



Қор Туралы

Тұрақты даму және
esg саласындағы
стратегиялық тәсіл

● **Қордың елдің әл-
ауқатына қосқан үлесі**

Біз қалай жұмыс
істейміз

Біздің адамдар

Таза қоршаған ортаға
инвестиция саламыз

Корпоративтік
басқару

Қосымшалар

Инклюзияны дамыту

Инклюзивті қоғамды дамыту – «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігінің негізгі басымдықтарының бірі. Біз олардың физикалық, әлеуметтік, экономикалық немесе мәдени ерекшеліктеріне қарамастан, барлық адамдар үшін мүмкіндіктер мен ресурстарға тең қол жеткізуді қамтамасыз етуге ықпал ететін инклюзивті қоғамды дамыту жөніндегі жүйелі жобаларды іске асырудамыз.

Біз Қазақстан өңірлерінде оңалту орталықтарын, спорт кешендерін және бейімделген спорт секцияларын ашамыз. Біз мүгедектігі бар жастарды цифрлық мамандықтарға оқытамыз, жұмысқа орналасуға көмектесеміз. Сонымен қатар, мектептерде инклюзивті кабинеттер ашамыз, сондай-ақ аутизмі бар балаларға арналған ерте араласу орталықтарын ашамыз.

Біз ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту үшін тең жағдай жасауға ықпал ете отырып, олардың білім беру процесіне толыққанды қатысуын қамтамасыз ете отырып, инклюзивті білім беруді дамытуды қолдаймыз. Нәтижесінде білім берудің қолжетімділігі жақсарып, қоғамдағы инклюзивтілік құндылықтары дамуда.

2021–2024 жылдары 59 мамандандырылған нысан ашылды, оның ішінде:

- 14 инклюзия кабинеті;
- 21 оңалту орталығы;
- 17 ерте араласу орталығы;
- аутизмі бар балаларға арналған 7 орталық.

Бұл орталықтарда 30 мыңнан астам мүгедектігі бар бала мен ересек адам оңалту көмегіне қол жеткізді.

Кабинеттер open-space форматында мектептерде ашылған және дефектологқа, логопедке, психологқа және құмыра шеберханасына арналған аймақтардан тұрады. Ерте араласу орталықтары 3 жасқа дейінгі балалармен жұмыс істейді, олар дамудағы кешеуілдеулерді еңсеруге көмектеседі. Оңалту орталықтарында тірек-қимыл аппараты ауруларын қоса алғанда, балалар мен ересектерге кешенді көмек көрсетіледі. Аутизмі бар балаларға арналған орталықтар бейімделу және коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталған. Бұдан басқа, 2020–2024 жылдары 23 қалада мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған бейімделген спорт секциялары жұмыс істеді.

2024 жылы біз ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етіп қана қоймай, отбасылар үшін тартымды білім беру орталықтарына айналған инклюзивті кабинеттерді ашуға күш-жігерімізді жұмылдырдық. «Самұрық-Қазына» АҚ инклюзия саласындағы сарапшылармен бірлесіп әзірлеген инклюзивті кабинеттер тұжырымдамасы заманауи тәсілдер мен әлемдік тәжірибелерді ескереді.

Біз «Инклюзивті қалалық және әлеуметтік орта» жобасы аясында инклюзия саласындағы сарапшылардың кәсіби даярлығын қаржыландырдық. Министрліктер, Астана қаласы мен аудандар әкімдіктері, қоғамдық ұйымдар өкілдерінен құралған 100 сарапшы, Қор Тобының депутаттары мен жұмыскерлері әлеуметтік инфрақұрылымның қадамдық қолжетімділігі және мүгедектігі бар адамдарға, сондай-ақ халықтың қозғалысы төмен топтарына - арбасы бар және жүкті әйелдерге, егде жастағы адамдарға, кішкентай балаларға және уақытша еңбекке жарамсыз адамдарға қызмет көрсетуді тиімді әдістер мен тәжірибелермен оқытудан өтті.

2024 жылы:

14

инклюзия кабинеті Астана қаласында және Ақмола облысында ашылды

78

бейімделген спорт секциясы 21 елді мекенде ашылды: 890-нан астам тәрбиеленушіні қамтиды

200

церебралды сал ауруына, психикалық сөйлеу дамуының кешігуіне, аутизмге, көру қабілетінің бұзылуына шалдыққан бала мен жасөспірім үшін (10–18 жастағы), сондай-ақ олардың ата-аналары үшін спорт лагерінің 4 маусымы өткізілді

30

ментальды және моторлы бұзылыстары бар бала кәсіби жаттықтырушылармен велоспортпен шұғылданады



инклюзивті қалалық және әлеуметтік орта құру үшін Астанада ресурстық оқу-әдістемелік орталық ашылды, қолжетімділікті бағалау бойынша сарапшылар оқытылды

180

мүгедектігі бар азамат digital-бағыттар бойынша оқудан өтті

15

ірі туристік объектісін мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктеріне сәйкестігіне бағалау жүргізілді

2025 жылы біз мектептерде инклюзия кабинеттерін ашып, білім алу қажеттілігі ерекше көбірек бала өз әлеуетін ашып, өздерін жайлы әрі сенімді сезінулері үшін жағдай жасауды жалғастырамыз.

49



Қор Туралы

Тұрақты даму және
esg саласындағы
стратегиялық тәсіл

● **Қордың елдің әл-
ауқатына қосқан үлесі**

Біз қалай жұмыс
істейміз

Біздің адамдар

Таза қоршаған ортаға
инвестиция саламыз

Корпоративтік
басқару

Қосымшалар

Денсаулық сақтау

Біз медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға, медициналық мекемелерді қайта жаңартуға және жаңғыртуға, сондай-ақ ауруханаларды заманауи медициналық жабдықтармен жабдықтауға инвестиция құямыз.

Астанада «Балаларды оңалту ұлттық орталығы» КЕАҚ үшін церебралды сал ауруы мен аутизмі бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту тиімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік беретін D-WALL роботтандырылған зертханасы сатып алынды. Бұдан басқа, Қазақстанда емделу мүмкіндігі жоқ бағыттар бойынша шетелдік клиникаларда 10 баланы емдеу ақысы төленді. Біліктілікті арттыру мақсатында балаларды оңалту саласында жұмыс істейтін мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелердің пәнаралық командаларының 72 маманы оқытылды.

Нейро-ортопедиялық бұзылыстары бар ерте жастағы балаларға сапалы медициналық көмекті қамтамасыз ету үшін біздің қолдауымызбен 2024 жылы Петропавлда орналасқан Облыстық перинаталдық орталықта «Қамқорлық» ерте араласу орталығы ашылды. Орталық жыл сайын оңалтуға 0–3 жас аралығындағы 600 баланы тегін қабылдай алады. Оны жабдықтау үшін АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Ресей және Қазақстан өндірісінің ең жаңа оңалту және диагностикалық жабдықтары сатып алынды.

Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиямен бірлесіп, «Медициналық пойыздар» жобасы іске асырылды, оның шеңберінде еліміздің шалғайдағы станцияларының тұрғындарына медициналық пойызды жүру арқылы білікті медициналық және құқықтық көмек көрсетілді. 2024 жылы шалғай аудандардың 101 мыңнан астам тұрғыны сапалы медициналық және құқықтық көмек алды. Кәсіби медиаторлар мен заңгерлер азаматтарға психологиялық, құқықтық және медиативтік (татуластыру) қолдау көрсетті.

Ақшұқыр ауылдық амбулаториясына заманауи рентген аппараты берілді. Медициналық қызметтер Маңғыстау облысы Түпқараған ауданының Ақшұқыр және Сайын ауылдарындағы 25 мың тұрғынға қолжетімді болды. New Oriental 1000ub жабдықтары – амбулаториядағы алғашқы аппарат.

Дарынды жастар үшін креативті индустрия құру және дамыту

2024 жылы біз «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-мен бірлесіп «Жарқын болашақ» бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастырдық, соның арқасында Жаңаөзен мен Маңғыстау облысының оқушылары мен студенттері ҚР жетекші оқу орындарында сапалы білім алуда. Есепті кезеңде Жаңаөзен қаласынан 133 студент еліміздің түрлі оқу орындарында оқыды. Сонымен қатар, «IQanat high school of Burabay» мектебінде оқып жатқан 50 түлек 2024 жылы жоғары оқу орындарына түсті, олардың 80% – Назарбаев университетіне, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне, Қазақстан-Британ техникалық университетіне, Қазақ Ұлттық университетіне және т.б. грантқа түсті. Бір түлек Польшадағы жоғары оқу орнына түсті.

Талантты жастар үшін креативті индустрияны дамыту аясында есептік кезеңде бірнеше жобалар іске асырылды. Атап айтқанда, Петропавл қаласында «Qyzylzhar Creative Center» креативті хабы ашылды. Тағы бір креативті хаб – OzgeEpic Oral 2025 жылы Батыс Қазақстан облысында ашылады. Екі креативті хаб 14–35 жас аралығындағы шығармашыл жастар үшін, оның ішінде ерекше қажеттілігі бар жастар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Креативті хабтар цифрлық технологиялар, медиа, мәдениет, fashion-индустрия және білім беру салаларында шабыттандыру, идеяларды жинақтау және жобаларды іске асыру үшін бірегей орынға айналды. Хабарда галереялар, театр және көрме залдары, кітапханалар, анимациялық және музыкалық студиялар, подкаст жазуға арналған студиялар, коворкинг және білім беру кеңістіктері бар.

Корпоративтік еріктілік

Корпоративтік еріктілік Қор тобына кіретін компаниялардың әлеуметтік жауапкершілігін іске асыруда маңызды рөл атқарады. 2024 жылы жұмысшылар қайырымдылық, экологиялық және қоғамдық маңызды бастамаларға қатысты.

«Баланы мектепке жинаймыз» қайырымдылық науқаны аясында жұмысшылар көп балалы және аз қамтылған отбасыларға көмектесті: балаларды мектепке жинауға, кеңсе тауарларын сатып алуға және балалармен жақсы кездесулер өткізіп, сыйлық сертификаттары мен тәттілер табыстады.

Білім беру қажеттілігі ерекше балаларды қолдай отырып, біз жыл сайынғы «Charity Samruk Marathon» қайырымдылық марафонын өткіздік. Барлық жиналған қаражат инклюзия кабинеттерін ашуға бағытталды.

Сонымен қатар, біз дәстүрлі түрде «Таза Қазақстан» науқанына қатысамыз. 2024 жылы біз 100 мыңнан астам көшет отырғызып, 200 сенбілік өткіздік, сондай-ақ 100 экологиялық-ағарту науқанына, марафондарға қатыстық.

Зардап шеккен өңірлерге көмек

2024 жылы біз Қазақстанның түрлі өңірлеріндегі су тасқынының салдарын жоюға көмектестік. Іс-шаралар шұғыл көмекті де, инфрақұрылымды қалпына келтіру және халықты қажетті ресурстармен қамтамасыз ету бойынша жүйелі қолдауды да қамтыды.

Барлық Қор Тобының атынан зардап шеккен өңірлердегі су тасқынының салдарын жоюға 22 млрд теңге бөлінді. Біз қаржылай және тәжірибелік ресурстармен көмек көрсеттік: біздің күш-жігеріміз гуманитарлық көмекті жеткізуді, жұмыскерлердің қалпына келтіру жұмыстарына қатысуын, техникалық және көліктік қолдауды, адамдарды эвакуациялау мен орналастыруға көмек көрсетуді, сондай-ақ тіршілікті қамтамасыз ету нысандарын қалпына келтіруді қамтыды.